

Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы мемлекеттік энергетика және электронды технологиялар колледжі» МКҚК

Алматы қаласы мен Алматы облысының  
9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА

## **ОНЛАЙН-ОЛИМПИАДАНЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

### **1. ОЛИМПИАДАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

1.1. Онлайн-олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1.1.1. Техникалық шығармашылық және инновациялық ойлауға қабілетті, Энергетика, Радиоэлектроника және It технологиялар саласында өзінің кәсіби қызметін жоспарлайтын дарынды оқушыларды анықтау;

1.1.2. Жалпы білім беретін мектептердің оқушыларына кәсіптік бағдар беруге және білім беруді жалғастыруға көмек көрсету.

### **2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

2.1. Осы ереже онлайн – олимпиаданы (бұдан әрі - Олимпиада) ұйымдастыру және өткізу тәртібін реттейді, жеңімпаздар дыанықтап, марапаттайды.

2.2. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу «Алматы мемлекеттік энергетика және электронды технологиялар колледжі» МКҚК (бұдан әрі- ұйымдастырушы) жүзеге асырады.

2.3. Олимпиада ұйымдастырушының онлайн-платформасында екі турда өткізіледі:

I іріктеу кезеңі 2021 жылдың 15 сәуір, II кезең-2021 жылдың 16 сәуір сағат 09:00 - ден 17:00 аралығында өтеді.

2.4 Олимпиадаға қатысу үшін колледж сайтына [akep-65.kz](http://akep-65.kz) 13,14 .04.2021ж. сағат 09:00 - ден 17:00-ге дейін өтініш беру керек.

2.5. Өтініш дұрыс толтырылған жағдайда қатысушы логинмен паролын өзі тағайындайды.

2.6. Олимпиадаға қатысу тегін.

### **3. ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ**

3.1.Олимпиадаға физика және математикадан қызығушылығы бар, білім беру мекемелерінің 9 сынып оқушылары қатыса алады.

3.2.Олимпиада екі турдан тұрады:

1 кезең-"МАТЕМАТИКА" пәні бойынша тестілеу. Тестілеу уақыты шектеулі, 50 минутты құрайды, тапсырмалар саны-25. Орындалған тапсырмалар жүйемен автоматты түрде тексеріледі. Екінші кезеңге математикадан 18 балл және одан көп балл жинаған қатысушылар өтеді.

2 кезең - "ФИЗИКА" пәні бойынша тестілеу. Тестілеу уақыты да 50 минутты құрайды, тапсырмалар саны-25 сұрақ.

3.3. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері екі турдың қорытындысы бойынша анықталады. Ұпайларды жинақтау кезінде уақыт бойынша бірінші кезектілік ескеріледі.

3.4. Олимпиада қорытындысы бойынша Гран-при иегерлері таңдаған мамандығы бойынша колледж есебінен ақылы бөлімде тегін оқуға мүмкіндік алады (қазақ тілінде оқытатын топта 1 орын және орыс тілінде оқытатын топта 1 орынсәйкесінше).

3.5. Олимпиада қорытындысы колледж сайтында жарияланады [akep-65.kz](http://akep-65.kz)

#### **4. ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ**

4.1. Бас жүлде колледж есебінен ТЕГІН оқуға арналған Сертификат болып табылады. (осы 3.3 ережелер).

4.2. Жүлделі орындарға ие болған оқушылар I, II, III дәрежелі грамоталармен (колледжде білім алу кезіндегі қосымша жеңілдіктер) марапатталады.

Директор

Т.Тайтулеев